

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2019-2020 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет
отырысының ҚАУЛЫЛАРЫ № 2

Түркістан қаласы

11 қыркүйек 2019 жыл

Өткізілетін орын: Мәдениет сарайы, кіші зал

Өткізілетін уақыты: 2019 жылдың 11 қыркүйегі сағат 15:00

Кеңес мүшелері – 43

Қатысқандар: 36, келмегендер: 7

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.2019-2020 оқу жылында университет оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдарын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова);
- 2.Даярлаудың барлық бағыттарына сәйкес сараптамадан өткен білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына ескертулер бойынша түзету енгізу (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова);
- 3.2019-2020 оқу жылында өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарының кестесін бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова);
- 4.2019-2020 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау нысандарын бекіту (Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы- Г.Қ.Жумжаева);
- 5.Оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша университет ОПҚ-ы үшін әдістемелік семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және кестесін бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.);
- 6.ОЖСБ-ға ұйымдастыру шаралары туралы (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директор орынбасары – А.Бостанова);
- 7.2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы (Әлеуметтік ғылымдар факультеті)
- 8.2019-2020 оқу жылына қабылданған білімгерлер үшін элективті пәндер каталогін бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.2019-2020 оқу жылында университет оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамы бекітілсін (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова);

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.Даярлаудың барлық бағыттарына сәйкес сараптамадан өткен білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларына ескертулер бойынша түзету жұмыстары жасалынып, өзгерістер енгізілсін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. 2019-2020 оқу жылының 1-семестрінде өтілетін ақылдасу сабақтарының кестесі факультеттердің ұсыныстары негізінде бекітілсін.

3.2. Бекітілген (2019-2020 оқу жылының 1-семестрінде өтілетін) ақылдасу сабақтарының кестесі факультеттерге жіберілсін.

3.3. 2019-2020 оқу жылында өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарының кестесіне сай, сапалы өкізілуін қадағалау Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы М.Р.Жолшибековаға жүктелсін.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1. 2019-2020 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының емтихандарды қабылдау түрлері бекітілсін (*Жауапты – Факультет декандары*).

4.2. Модульдік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімін бақылау модульдің ерекшелігіне байланысты төменде көрсетілгендей ұйымдастырылсын:

4.2.1. Модульді зерделеп аяқтаған соң қорытынды бақылау модуль бойынша кешенді емтихан нысанында не әрбір компонент – оқу пәні бойынша өзіндік емтихан нысанында өткізу қарастырылсын.

4.2.2. Кешенді емтихан кезінде баға тұтас модуль бойынша да, оның әрбір компоненті – оқу пәні бойынша да жеке қою қарастырылсын.

4.2.3. Тұтас бір модуль бойынша қорытынды бақылаудан қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда, білім алушылардың оның жеке компоненттері – оқу пәндері бойынша оң бағасы қайта есептелсін.

4.2.4. Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология) бойынша 100 сұрақтан (әр пәнге 25 сұрақтан, 1-деңгей - 9 балл, 2 және 3-деңгей - 8 балл) тұратын Кешенді емтихан ретінде алынып, емтихан тапсыруға 120 минут беріліп, оның әрбір компоненті – оқу пәні бойынша баға жеке қойылсын.

4.3. Университеттің емтихан ережесі назарға алынсын (*Жауапты – Факультет декандары*).

4.4. ОЖСБ-ға енетін пәндерді ОЖСБ технологиясымен емтихан қабылдау формасына ұсынылсын (*Жауапты – Факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1. Оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру мақсатында университет ОПҚ-ы үшін әдістемелік семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру кестесі қайта қаралып, нақтылансын, факультеттерден ұсыныс берілсін (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж.).

5.1.2. Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың семинарлар мен тренингтер т.б. іс-шаралар жоспары, бағдарламасы, кесте т.б. жасалынсын (*Жауапты - Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова*).

5.1.3. 2019-2020 оқу жылына жаңартылған білім мазмұны, жаңа технология бойынша «Өрлеу» біліктілік жетілдіру курсынан өткен университет оқытушы-профессорлар құрамы алған тәжірибелерін әріптестерімен бөлісіп, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырсын (*Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхитдинұлы Ж.*).

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6. ОЖСБ-ға дайындық жасау жұмыстары қатаң қадағалансын:

6.1. Факультеттерден ОЖСБ-ға қатысатын соңғы курс студенттерін Ұлттық тестілеу базасынан енгізу және тексеру шаралары (факультет, жоғары мектеп әдіскерлері), ұйымдастырылсын, орындалуы қадағалансын;

6.2. 2019-2020 оқу жылының қараша айында өтетін соңғы курс студенттерінің оқу жетістіктерін сырттай бағалауын (ОЖСБ) өткізудің

кешенді жұмыс жоспарының жобасы Департамент тарапынан дайындалып бекітуге ұсынылсын;

6.3. Осы кешенді жұмыс жоспарының жобасы факультет декандарына алдын ала танысу үшін жіберілсін;

6.4. ОЖСБ-ні өткізуге жауапты тұлғалар мен жұмыс тобының құрамын дайындалып бекітуге ұсынылсын;

6.5. Факультеттерде ОЖСБ-ні өткізу бойынша алдын ала тестілеудің нәтижелері декан сағаттарында талқылансын (Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директор орынбасары – А.Бостанова).

Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7. Стратегиялық жоспар аясында Әлеуметтік ғылымдар факультетіндегі оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы барысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

8.1. 2019-2020 оқу жылына қабылданған білімгерлер үшін элективті пәндер каталогі бекітілсін.

8.2. Қажет болған жағдайда басапаханадан шығарылуы кафедралар тарапынан қамтамасыз етілсін.

8.3. Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталыққа өткізілсін.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы



Ж.И.Исаева

